

«Фридом Финанс» АҚ Директорлар
кеңесінің шешімімен бекітілген

(2025 жылғы 3 қазандағы №
отырыс 10/03 хаттамасы)

2025 жылғы 3 қазаннан
бастап қолданысқа енгізілді

ДЕРБЕС ДЕРЕКТЕРДІ ӨҢДЕУ САЯСАТЫ

Мазмұны

1-тарау. Жалпы ережелер.....	3
2-тарау. Дербес деректерді өңдеу қағидаты.....	4
3-тарау. Дербес деректерді өңдеу мақсаттары.....	4
4-тарау. Дербес деректерді өңдеудің құқықтық негіздері.....	5
5-тарау. Субъектілердің құқықтары.....	6
6-тарау. Өңделетін дербес деректер.....	6
7-тарау. Деректерді үшінші тұлғаларға беру.....	7
8-тарау. Деректерді сақтау мерзімі.....	7
9-тарау. Субъектілердің дербес деректерді өңдеу мәселелері бойынша жүгіну тәртібі.....	8
10-тарау. Уәкілетті орган туралы ақпарат.....	8

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Дербес деректерді өңдеу саясаты (бұдан әрі - Саясат) «Фридом Финанс» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Компания) жүзеге асыратын дербес деректерді өңдеу қағидаттарын, мақсаттары мен тәртібін айқындайды, сондай-ақ дербес деректер субъектілерінің құқықтары және дербес деректерді қорғауды және тиісінше өңдеуді қамтамасыз ету үшін Компания қолданатын шаралар туралы ақпаратты қамтиды.
2. Саясат «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) және Компанияның Ақпараттық қауіпсіздік саясатының талаптарына сәйкес әзірленген.
3. Осы Саясаттың қолданылуы Компанияның интернет-ресурстарын пайдалану кезінде, сондай-ақ әлеуетті кандидаттармен, клиенттермен және серіктестермен және басқа да дербес деректер субъектілерімен өзара іс-қимыл жасау кезінде Компания іскерлік және еңбек қатынастары шеңберінде дербес деректер субъектілеріне қатысты ала алатын дербес деректер санатына жататын барлық ақпаратқа қолданылады.
4. Саясат адамдардың кең тобына арналған, Компанияның ресми ресурстарында ашық түрде орналастырылады және қажет болған жағдайда өзгертілуі мүмкін.
5. Саясатта пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар:
 - 1) интернет-ресурс - Интернет желісінде орналастырылған, адамдардың кең тобы үшін қолжетімді электрондық ақпараттық ресурс. Интернет-ресурс интернет-технологияларды пайдаланатын сайт, сайт беті, форум, блог, қосымша және ақпараттық ресурстардың басқа да түрлері болуы мүмкін;
 - 2) дербес деректер - электрондық, қағаз және/немесе өзге де материалдық тасымалдағышта тіркелген, олардың негізінде анықталған немесе анықталатын дербес деректер субъектісіне қатысты мәліметтер;
 - 3) дербес деректерді жинақтау - дербес деректерді қамтитын базаға енгізу жолымен дербес деректерді жүйелеу жөніндегі іс-әрекеттер;
 - 4) дербес деректерді жинау – дербес деректерді қамтитын базаға дербес деректерді енгізу арқылы оларды жүйелендіру жөніндегі іс-әрекеттер;
 - 5) дербес деректерді жою - нәтижесінде дербес деректерді қалпына келтіру мүмкін болмайтын іс-әрекеттер;
 - 6) дербес деректерді иесіздендіру - нәтижесінде дербес деректердің дербес деректер субъектісіне тиесілігін айқындау мүмкін болмайтын іс-әрекеттер;
 - 7) дербес деректерді пайдалану - меншік иесі, оператор және үшінші тұлға қызметінің мақсаттарын іске асыруға бағытталған дербес деректермен жүргізілетін іс-әрекеттер;
 - 8) дербес деректерді сақтау - дербес деректердің тұтастығын, құпиялылығын және қолжетімділігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-әрекеттер;
 - 9) дербес деректерді тарату - жасау нәтижесінде дербес деректерді беру, оның ішінде масс-медиа арқылы беру немесе дербес деректерге қандай да бір өзге тәсілмен қол жеткізуді ұсыну жүргізілетін іс-әрекеттер;
 - 10) дербес деректерді өңдеу – дербес деректерді жинақтауға, сақтауға, өзгертуге, толықтыруға, пайдалануға, таратуға, иесіздендіруге, бұғаттауға және жоюға бағытталған іс-әрекеттер;
 - 11) дербес деректер субъектісі (бұдан әрі - субъект) - дербес деректер жататын жеке тұлға;
 - 12) лицензия - 2018 жылғы 2 қазандағы № 3.2.238/15 бағалы қағаздар нарығында қызметті жүзеге асыруға арналған лицензия. 2020 жылғы 4 ақпандағы № 4.3.12 шетел валютасында банк операцияларын жүргізуге арналған лицензия.

2-тарау. Дербес деректерді өңдеу қағидаттары

6. Компания дербес деректерді өңдеудің мынадай қағидаттарын басшылыққа алады:
- 1) заңдылық, әділдік және ашықтық - Компания қолданыстағы заңнаманың нормаларын сақтай отырып, дербес деректерді заңды негізде өңдейді. Өңдеу бойынша барлық іс-қимыл дербес деректер субъектілеріне қатысты әділ және ашық жүзеге асырылады. Компания субъектілерді олардың дербес деректерін пайдаланудың мақсаттары, көлемі мен шарттары туралы хабардар ете отырып, өзінің дербес деректерді өңдеу практикаларының ашықтығын қамтамасыз етеді;
 - 2) нысаналы шектеу - дербес деректерді жинау және кейіннен өңдеу нақты, алдын ала айқындалған және заңды мақсаттарда ғана жүзеге асырылады;
 - 3) деректерді барынша азайту - Компания мәлімделген мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті дербес деректердің көлемін ғана өңдейді;
 - 4) дәлдік - Компания өңделетін дербес деректердің өзектілігі мен дәлдігін қамтамасыз ету үшін орынды шаралар қабылдайды;
 - 5) сақтауды шектеу - дербес деректер олар жиналған мақсаттарға қол жеткізу үшін не заңдарда белгіленген мерзім ішінде қажет болғаннан ұзақ сақталмайды;
 - 6) тұтастық және конфиденциалдылық - Компания ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесі шеңберінде санкциясыз немесе заңсыз қол жеткізуді, дербес деректерді өзгертуді, ашуды, жоғалтуды немесе жоюды болдырмауға бағытталған ұйымдастырушылық техникалық шараларға сәйкес келетін дербес деректерді пайдалана отырып, қорғауды қамтамасыз етеді.

3-тарау. Дербес деректерді өңдеу мақсаттары

7. Компания дербес деректерді өңдеудің мынадай мақсаттарын атап көрсетеді:
- 1) Брокерлік және дилерлік қызмет регламентіне (бұдан әрі - Регламент) қосылу;
 - 2) Регламенттің шарттарына сәйкес Компанияның клиентке лицензияда көзделген қызметтерді көрсетуі;
 - 3) клиентпен іскерлік қатынастар қашықтан орнатылған кезде, сондай-ақ Компания Регламенттің шарттарына сәйкес клиентке көрсететін электрондық қызметтерді ұсынған кезде клиентті биометриялық сәйкестендіру;
 - 4) Регламенттің шарттарына сәйкес Компания клиентке көрсететін қызметтерді ішкі бақылау, мониторинг және есепке алу;
 - 5) Компанияның қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және бенефициарлық меншік иелерінің жаппай жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі қолданылатын заңнама талаптарын орындауы;
 - 6) Компанияға және оның үлестес тұлғаларына қолданылатын заңнамалық талаптардың сақталуын қамтамасыз ету;
 - 7) Компания және оның үлестес тұлғалары көрсететін қызметтерді әзірлеу және жақсарту;
 - 8) Компанияның және оның үлестес тұлғаларының маркетингтік мақсаттар үшін, акцияларды өткізу, оның ішінде жеңімпаздар туралы бұқаралық ақпарат құралдарында, Компанияның сайтында немесе әлеуметтік желілерінде нәтижелер туралы ақпаратты орналастыру, клиентке кез келген ақпараттық материалдарды ұсыну үшін маркетингтік және жарнамалық науқандарды әзірлеуі;
 - 9) Компанияның Клиентті (оның агенттері мен өкілдерін) сәйкестендіруге/аутентификациялауға/авторизациялауға байланысты іс-шараларды (міндеттерді) орындауы және клиент/компания ұсынған/пайдаланатын мәліметтердің/деректердің/алгоритмдердің/кодтардың/символдардың/сәйкестендіргіштерді н/нөмірлердің шынайылығы мен ақиқаттығын (дұрыстығын) тексеру (оның ішінде

- компанияның басқа да қолжетімді көздерінен дербес деректерді және өзге де мәліметтерді алу/салыстыру жолымен) қолданылатын заңнамаға және тиісті шарттардың талаптарына сәйкес санкцияланбаған операциялар тәуекелін азайту мақсатында;
- 10) Клиент пен Компанияның өзара қарым-қатынастары шеңберінде жасалған (жасалуы мүмкін) кез келген мәмілелерді/операцияларды жасасуға және/немесе орындауға және/немесе оларға қызмет көрсетуге қатысы болуы мүмкін үшінші тұлғалармен Компанияның өзара іс-қимылы;
 - 11) Компанияның уәкілетті мемлекеттік органдарға, аудиторларға, консультанттарға, бағалау және өзге де кәсіби ұйымдарға, Компанияның үлестес тұлғаларына, дерекқор операторларына, байланыс операторларына, Компанияның контрагенттеріне есептілікті және/немесе ақпаратты беруі, сондай-ақ Компанияның аталған тұлғалардан есептілікті және/немесе ақпаратты алуы;
 - 12) заманауи ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін қолданылатын құқық талаптарын ескере отырып, ақпараттық технологиялар, ақпараттық қауіпсіздік және ақпараттық активтерді интеграциялау саласындағы ынтымақтастықты іске асыру мақсатында Компанияның үлестес тұлғаларына және үшінші тұлғаларға дербес деректерді ұсыну;
 - 13) Регламент бойынша құқықтарды ықтимал басқаға беру;
 - 14) Компанияның ақпарат туралы мәліметтерді сақтау және есепке алу бойынша қолданылатын заңнама талаптарын сақтау;
 - 15) Регламентте көзделген міндеттемелерді орындауға байланысты даулар туындаған жағдайда, оның ішінде Компанияның қызметтер көрсету мәселелері бойынша үшінші тұлғалармен даулар туындаған жағдайда Компанияның құқықтарын сот және соттан тыс қорғауды іске асыру;
 - 16) клиенттің өтініштерін, шағымдарын, ұсыныстарын қарауға және оларға жауап беруге байланысты, оның ішінде почта, курьерлік қызмет қызметтері арқылы жөнелту (жеткізу немесе алу) үшін хат-хабарды (поштаны) беру (алу) кезінде ақпарат өңдеу және алмасу;
 - 17) Компанияның клиентке кез келген ақпараттық материалдарды, оның ішінде Компанияның өнімдері мен қызметтері туралы телефон байланысын, электрондық поштаны, сондай-ақ тікелей маркетингті қоса алғанда, кез келген өзге де қолжетімді байланыс арналарын пайдалана отырып хабарлама арқылы ұсынуы;
 - 18) Компания қызметкерлерінің ішкі тексерулер мен тергеулер жүргізуі;
 - 19) Компанияның қолданылатын заңнаманың кез келген өзге де талаптарын орындауы;
 - 20) келушілердің мінез-құлқын талдау, көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту және қызмет көрсету, сайттың құрылымы мен мазмұнын оңтайландыру, сондай-ақ веб-ресурстың тұрақты және қауіпсіз жұмысын қамтамасыз ету үшін;
 - 21) клиенттің экономикалық және инвестициялық бейінін жасау;
 - 22) жұмысқа орналастыру және кадр резервін қалыптастыру үшін кандидаттарды іріктеу, бағалау және таңдау.

4-тарау. Дербес деректерді өңдеудің құқықтық негіздері

8. Компания Заңға сәйкес дербес деректерді өңдеуді жүзеге асырады.
9. Дербес деректерді өңдеу мынадай негіздерде жүзеге асырылуы мүмкін:
 - 1) дербес деректер субъектісінің келісімі - дербес деректерді өңдеуге ерікті, ақпараттандырылған және бір мәнді келісім алу;
 - 2) егер өңдеу дербес деректер субъектісі тарабы болып табылатын шартты дайындау, жасасу, орындау және/немесе өзгерту үшін қажет болса - шарттарды, келісімдерді және өзге де құжаттарды жасасу және орындау;

- 3) Заңда белгіленген міндеттерді орындау - дербес деректерді өңдеу заңнамада тікелей көзделген жағдайларда жүзеге асырылады. Бұл уәкілетті мемлекеттік органдардың, реттеушілердің, құқық қорғау органдарының, соттардың сұрау салулары бойынша ақпарат беруді, сондай-ақ Компанияға заңдармен (мысалы, салық, еңбек, әкімшілік және өзге де) жүктелген өзге де міндеттемелерді орындауды қамтиды.

5-тарау. Субъектілердің құқықтары

10. Деректерге қол жеткізу - субъект өзінің дербес деректерін Компания өңдеп жатқаны туралы ақпаратты сұратуға, сондай-ақ өңдеу мақсаттары, деректердің санаттары, сақтау мерзімдері және осындай деректер ашылуы мүмкін алушылар туралы мәліметтерді қоса алғанда, осындай деректерге қол жеткізуге құқылы.
11. Деректерді түзету - егер дербес деректер дәл емес немесе ескірген болып табылса, субъект оларды нақтылауды, толықтыруды талап етуге немесе осы әрекеттерді дербес жүргізуге құқылы. Сондай-ақ субъект егер оларды өңдеу Заңды бұза отырып жүзеге асырылса, деректерді жоюды талап ете алады.
12. Келісімді кері қайтарып алу - егер өңдеу келісім негізінде жүзеге асырылса, субъект кез келген сәтте оны кері қайтарып алуға құқылы, бұл ретте субъект осы іс-қимыл Компаниямен іскерлік өзара қарым-қатынасты тоқтатуға әкеп соғатынын түсінуі тиіс. Сонымен қатар Компания Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес дербес деректерді өңдеуді жалғастыра алады.
13. Деректерді бұғаттау - дербес деректерді жинау, өңдеу шарттарының бұзылуы туралы расталған ақпарат болған жағдайда Компаниядан өзінің дербес деректерін бұғаттауды талап ету;
14. Деректерді жою - Компаниядан жинау және өңдеу Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып жүргізілген, сондай-ақ Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілерінде белгіленген өзге де жағдайларда өзінің дербес деректерін жоюды талап ету.

6-тарау. Өңделетін дербес деректер

15. Лицензияланатын қызметтің жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін Компания осы тарауда көзделген дербес деректерді өңдеуді жүзеге асырады.
16. Брокерлік шот ашу кезінде субъектіні верификациялау үшін Компания субъектілердің мынадай дербес деректерін, қоса алғанда, бірақ шектелмей өңдейді:
 - 1) жеке басын куәландыратын құжаттардағы ақпарат;
 - 2) жеке басын куәландыратын құжаттардың электрондық көшірмелері;
 - 3) жеке сәйкестендіру нөмірі (Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке тұлғаға жеке сәйкестендіру нөмірі берілмеген жағдайларды қоспағанда);
 - 4) салық резиденттігі;
 - 5) тұратын жерін растау үшін қажетті құжаттар немесе ақпарат.
17. Клиенттің экономикалық және инвестициялық бейінін қалыптастыру үшін мыналарды қоса алғанда, бірақ шектелмей мынадай деректер талап етілуі мүмкін:
 - 1) білім туралы ақпарат;
 - 2) инвестициялар үшін қолжетімді қаржы қаражатының көлемі;
 - 3) қаражат көздері және әл-ауқат туралы ақпарат;
 - 4) инвестициялау дағдылары;
 - 5) инвестициялық тәуекелдің жол берілетін деңгейі;
 - 6) инвестициялық мақсаттар;

- 7) негізгі активтердің түрлері;
 - 8) қызмет саласы (және жасалған таңдауға байланысты қосымша ақпарат);
 - 9) қосымша азаматтықтың және салық резиденттігінің болуы туралы ақпарат.
18. Компанияның интернет-ресурстарына барған кезде техникалық ақпаратты жинау және өңдеу жүргізілуі мүмкін (деректер, егер бұл мүмкін болса, жалпыланған немесе иесіз нысанда өңделеді және қосымша келісімсіз пайдаланушының жеке басын анықтау үшін пайдаланылмайды):
- 1) IP-мекенжайы;
 - 2) құрылғы түрі;
 - 3) шолғыш және оның нұсқасы;
 - 4) интернет-ресурс бөліміне бару күні мен уақыты;
 - 5) интернет-ресурстағы іс-әрекеттер (мысалы, кілттер, беттер мен сілтемелер бойынша өтулер);
 - 6) cookie файлдары мен ұқсас технологиялардың көмегімен алынған деректер.
19. Компаниямен өзара іс-қимыл кезінде Компанияның интернет-ресурстарында орналастырылған электрондық веб-нысандар, электрондық хаттар немесе телефон қоңыраулары арқылы:
- 1) тегі, аты, әкесінің аты;
 - 2) телефон;
 - 3) электрондық пошта;
 - 4) жеке сәйкестендіру нөмірі.

7-тарау. Деректерді үшінші тұлғаларға беру

20. Компания дербес деректерді үшінші тұлғаларға берудің мынадай жағдайларын бөліп көрсетеді:
- 1) үшінші тұлғалардың деректерді өңдеуі - бірқатар жағдайларда Компания субъектінің немесе оның ресми өкілінің осындай әрекеттерге анық келісімі болған кезде дербес деректерді өңдеуді үшінші тұлғаларға (мысалы, мердігерлерге, АТ-қызметтер провайдерлеріне, бухгалтерлік немесе заң қызметін көрсететін ұйымдарға, аудиторларға) тапсыра алады. Мұндай беру осы Саясатта айқындалған мақсаттар шегінде конфиденциалдылықты қамтамасыз ету және дербес деректерді қорғау жөніндегі міндеттемелерді қамтитын жасалған шарттар негізінде жүзеге асырылады (3-тарау);
 - 2) дербес деректерді трансшекаралық беру субъектінің немесе оның ресми өкілінің айқын келісімі болған кезде және қабылдаушы тараптың дербес деректер субъектілерінің қауіпсіздігі мен құқықтарын қорғаудың тиісті деңгейін қамтамасыз ете алатыны расталғаннан кейін ғана жүзеге асырылады;
 - 3) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтау мақсатында мемлекеттік органдарға ақпарат беру.
- Бұл ретте Компания өзіне сеніп тапсырылған деректердің тиісті қауіпсіздік деңгейін қамтамасыз ету үшін 2-тарауда сипатталған дербес деректерді өңдеу қағидаттарын басшылыққа алады.

8-тарау. Деректерді сақтау мерзімі

21. Дербес деректерді сақтаған кезде Компания бірінші кезекте Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын басшылыққа алады.
22. Лицензияланатын қызмет шеңберінде Компания өңдейтін дербес деректерді сақтаудың ең аз мерзімі іскерлік қатынастар тоқтатылған сәттен бастап 5 жыл.
23. Өзге жағдайларда дербес деректер, егер Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарында өзгеше көзделмесе, оларды жинау және өңдеу мақсаттарына жеткеннен кейін жойылуға жатады.

9-тарау. Субъектілердің дербес деректерді өңдеу мәселелері бойынша жүгіну тәртібі

24. Дербес деректерді өңдеу мәселелері бойынша субъектілер dro@ffin.kz электрондық поштасы арқылы жүгінуге құқылы.
25. Субъектінің сұрау салуына жауап, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзге мерзімдер көзделмесе, субъектінің немесе оның заңды өкілінің өтініші алынған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде беріледі.

10-тарау. Уәкілетті орган туралы ақпарат

26. Дербес деректерді өңдеу және қорғау жөніндегі қызмет «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі, оның орындалуын бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті орган - Қазақстан Республикасы Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі жанындағы Ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі комитет.